

* * *

В данной статье рассматривается изменение физико-химических свойств сероземов светлых южных юго-Казахстана.

Для сохранения и воспроизводства плодородия почв при возделывании монокультуры хлопчатника надо правильно применять органические и минеральные удобрений и агротехнические приемы.

This statement is about the light grey soil of the Southern Kazakhstan that in the working up process the physical-chemical structure of the soil changes. In the growing process of the special cotton seed, to keep the fertility of the soil and in order to add the organic manure and mineral fertilizer agro-technical rules must be rightly used.

ӘОЖ: 331.101.6

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ КЕШЕНДІ АРТУЫ - ЕЛ БАЙЛЫҒЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Белгібаев Қ.М., Қарымсақова Ж.К.

Казахский национальный аграрный университет

Адамның іс-әрекеті мен тұрақты өмір сүруінің кепілі - еңбек. Халқымызда еңбек байлықтың атасы, ал жер байлықтың анасы деген қанатты сөз қалыптасқан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіншіліктері» атты Қазақстан халқына жолдауында «Адам – елдің басты байлығы» деп тегін айтылған.

Материалдық және рухани байлықты жасайтын адам, оның еңбегі, еңбек өнімділігі. Үйткені еңбек адамның өмір сүруіне қажетті материалдық, рухани және басқа құндылықтарды жасауға, өндіруге бағытталған. Еңбек адамның жұмыс істеуі, саналық қызмет, іс-әрекеті. Еңбек етудің нәтижесі еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігі деп, адам еңбегінің уақыт бірлігінде белгілі бір қажетті тауарды, яғни белгілі бір тұтыну құнын өндіру қабілетін айтады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Еңбек өнімділігінің кешендік артуы – аса маңызды міндет ретінде қаралған». Оның мәні мынада: Қазақстан экономикасында орта есеппен бір қызметкер жұмыс істеуші жылына 17 мың доллардың өнімін өндіреді екен. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 90 мың доллардан асып түседі, яғни Қазақстанда еңбек өнімділігі дамыған елдердің еңбек өнімділігімен салыстырғанда 5 есе төмен екен. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауында еңбек өнімділігінің артуы агроөнеркәсіптік кешенді даму тудың ең негізгі бағыты ретінде қаралған. Бұл түсінікті де. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі ең төмені және жылына орта есеппен бір жұмыс істеушіге 3 мың доллар сомасында келеді екен.

Ал дамыған елдердің ауыл шаруашылығында бұл көрсеткіш 50-70 мың долларды құрайды. Бұл республикамыздың ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің деңгейі дамыған елдердің ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігімен салыстырғанда 17-23 есе төмен деген сөз. Алдымыздағы он жылдықтың басты міндеті осы мәселені, яғни еңбек өнімділігін кешенді арттыру проблемасын шешу болмақ. Бұл проблеманы шешудің таңдап алынған жолдары аграрлық-индустриалдық әр тараптандыру, басқа сөзбен айтқанда ауыл шаруашылық шикізатын қайта өңдеуді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар, жаңа технологиялар мен ауыл шаруашылығындағы жаңа көзқарас, елдің азық-түлік қауыпсіздігін қамтамасыз ету – 2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі нарықтың 80%-дан астамын отандық тамақ өнімдерінің құрауы міндеті қойылған. Айтылған жолдамада қойылған міндеттемелерді орындаудың шешуші факторы 2014 жылға қарай – агроөнеркәсіп кешенде өнімділікті кем дегенде екі есе арттыру.

Осыған байланысты мынадай: өндіріс процесінде еңбек өнімділігі қалай қалыптасады, оны анықтауға, бағалауға қандай көрсеткіштер қолданылады, еңбек өнімінің деңгейіне қандай

факторлар әсер етеді деген сұрақтар тууы мүмкін. Міне енді осы теориялық және тәжірибелік маңызы бар мәселелерге талдау жасап көрейік.

Қоғам байлығын жасауда адам еңбегі ерекше орын алатыны белгілі. Адамның нысаналы қызметі ретіндегі еңбек - өмірдің негізгі шарты. Еңбек процесінде адам өз бойындағы қасиеттері, қабілеттілігі, іскерлігі арқасында қоғамға қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табиғат байлығын, еңбек заттарының түрін өзгертеді, оларды өзінің қажеттілігіне бейімдейді. Бұны адам өндіріс процесінде, өнім өндіру процесінде іске асырады. Өнімдердің, тауардың кез-келген түрін өндіруге әртүрлі кәсіптегі адамдардың еңбегі жұмсалады. Әр түрлі салада және өнім өндіруге қызметкерлер тобы қатысады. Жұмсалған еңбектің барлық алуан түрлерін екі топқа бөлу дәстүрге айналған:

а) жанды еңбек, яғни нақты өнімді өндірумен тікелей айналысатын жұмысшылар, қызметкерлер категориясы, жұмыс күші немесе жұмыс уақыты;

б) бұрынғы өткендегі еңбек – бұл еңбек өндірісі құрал-жабдықтарындағы заттандырылған еңбек. Сондықтан кең мағынада алғанда еңбек өнімділігінің өсуі жанды еңбекті және өндіріс құрал-жабдықтарындағы заттандырылған өткендегі еңбекті үнемдеу нәтижесі немесе оны өнімді (тиімді) пайдалану деген сөз.

Еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты өнімнің бір өлшемін өндіруге жұмсалған еңбек шығынының жанды және заттандырылған еңбек шығыны (жалпы қосындысы) азаяды. Бұл орамда жанды және өндіріс құрал-жабдығындағы заттандырылған еңбек арасындағы арасалмақ та өзгереді. «Еңбек өнімділігінің артуы - деп жазды К. Маркс – жұмсалған жанды еңбектің азайып, өткендегі еңбек үлесінің көбеюінде, бірақ көбейгенде тауарға сіңген еңбектің жалпы қосындысы азаятындай болып көбеюінде». Бұл еңбектің өлшеміне қоғамға қажеті уақыт алынады.

Қоғамға қажетті уақыт – ол қоғамдағы қалыпты еңбек жағдайларында; қоғам дамуының осы кезеңіне сай өндірістік ортаның техникалық жабдықталуы, жұмысшылардың орташа біліктілігі және еңбектің орташа үнемділігінде тауар өндіруге жұмсалған уақыт. Сонымен бірге, қоғамға қажетті уақыт, тауар құны барлық уақытта тұрақты болып қалатын шама емес. Оның мөлшеріне әсер ететін факторлардың тауардың құны да бірге үрдісті өзгеріп отырады. Құн – бұл тауарға сіңген қоғамдық еңбек.

Құн мөлшеріне еңбек өнімділігі, қарқынды еңбек және күрделі еңбек ықпал етеді. Еңбек өнімділігі деп – тірі еңбектің, яғни адам еңбегінің уақыт бірлігінде белгілі бір тұтыну құнын өндіруге қабілетін айтамыз. Еңбек өнімділігі құн мөлшеріне кері әсер етеді – еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты тауар құны кемиді, себебі өнім бірлігіне жұмыс уақытының аз мөлшері жұмсалады. Еңбек өнімділігіне еңбектің екі жақтылығы әсер етеді: нақты еңбек және абстрактылық еңбек. Еңбек өнімділігінің өзгеруі абстрактылы емес, ол нақты еңбекпен байланысты.

Қарқынды еңбек жұмыс уақытының бірлігінде тауарға жұмсалған еңбек шығындарының көбеюін көрсетеді. Құн мөлшеріне қарқынды еңбек тікелей әсер етеді: еңбектің қарқындылығы артқан сайын тауардың құны да өседі. Тауар құнының мөлшеріне еңбек күрделілігі де маңызды әсер етеді. Тауар өндіретін еңбек арнайы дайындықты – оқытуды қажет ететін болса – күрделі еңбек болады. Жай еңбек - біліксіз еңбек, күрделі еңбек - білікті еңбек: әрбір күрделі еңбек жай еңбектің көбейтіндісі ретінде жүреді. К.Маркстің сөзі бойынша, салыстырмалы күрделі еңбек құнында көбейтілген немесе дәрежеге келтірілген жай еңбек болып келеді. Күрделі еңбек құнның ауқымды мөлшерін құрайды. Әрине, күрделі еңбек жай еңбекпен салыстырғанда тауар мөлшерін көп жасайды.

Еңбек өнімділігінің мөлшеріне талдау, бағалау жасаған кезде абстрактылы және нақты еңбектің әлеуметтік маңызы мен қызмет бағытына көңіл аудару қажет. Бұл мәселенің мәні – жұмыс күшінің тауар ретінде өзара байланысқан екі жағы бар: абстрактылы және нақты еңбек. Абстрактылы еңбекпен жұмыс істеуші тауар өндіруші өндіріс процесінде жаңа тауар құнын жасайды. Ал нақты еңбекпен осы тауардың тұтыну құнын жасайды.

Жұмыс күшінің тұтыну құны - өз еңбегімен жаңа тауарды өндіру мүмкіндігі. Жұмыс күшінің тұтыну құнының екінші бір қасиеті басқа өндіріс факторларға қарағанда жұмыс күші өндірістік тұтыну процесінде өзінің құнынан да жоғары құнды жасайды. Жұмыс күшінің өзінің құнынан жоғары құн мөлшерін экономикалық ғылымда қосымша құн деп атайды. Қосымша құнды жасау қабілеті тауар ретіндегі жұмыс күшінің тұтыну құны арқылы жүргізіледі.

Рынокта сату-сатып алу актісін жүргізудегі тауар айырбасының өзінде тауарды бағалауда және өндіріс процесінде еңбек өнімділігін бағалауда абстрактылы еңбек үлкен роль атқарады.

Жеке нақты еңбектің жеке түрлері, сонымен бірге, жеке тауардың тұтыну құны әртүрлі болады, сондықтан оларды салыстыруға келмейді.

Мәселен, трактор зауыты жұмысшысының нақты еңбегінің бір сағаты, жер жыртушы немесе құрылысшының еңбек сағатына тең емес. Сондықтан, еңбектің жеке түрлерін салыстыру нәтижесін бағалау үшін объективті қажеттілік туды, адам қызметінің көп түрлерін өлшейтін орта көрсеткіш қажет болды. Бұл көрсеткіш – жеке тауар өндірушілер еңбегінің барлық нақты түрлерін өлшемге келтіретін абстрактылы еңбек болып саналады.

Құндылық қатынастар мен байланыстардың негізі – абстрактылы еңбек. Ол өнімді өндіруге жұмсалған қоғамдық қажетті жұмыс уақытының бірлігімен өлшенеді. Әрбір тауар өндірушінің еңбегін екі жақтан қарастыруға болады. Бір жағынан бұл нақтылы еңбегі арқылы жаңа өнімнің тұтыну құнын жасау. Нақты пішінде жұмсалатын және басқа еңбек түрлеріне сапалы айырмашылықтарымен ерекшелетін пайдалы еңбек түрін экономикалық ғылымда нақты еңбек деп атайды. Мысалы, нан пісіруші, көмірші, етікші еңбегі. Нақты еңбекпен тауардың тұтыну құны жасалады.

Екінші жағынан, еңбектің нақты түрлеріне барлық тауар өндірушілер тауарды өндіруде бұлшық еттік және жүйке қуатын немесе жұмыс күшін жұмсайды. Бұл – адам еңбегінің барлық түрлерін сипаттайтын ортақ өлшем. Жеке пішінге тәуелсіз жұмыс күшінің шығындары ретінде шығатын тауар өндірушілердің еңбегі экономикалық ғылымда абстрактылы еңбек деп аталады. Ол тауар құнын құрайды.

Еңбек рыногы әр уақытта болғанын атап өту керек. Алайда, социалистік жүйеде еңбек күші жоспарлы бөлінуіне, еңбекке экономикадан тыс мәжбүр етуге, еңбекақының мемлекеттік тарифтеріне, жұмысқа қабылдау мен жұмыстан шығарудың ерікті жүйесінің болмауына байланысты жұмыс күшін тауар ретінде сату және сатып алу объектісі болмады.

Өлеуметтік жүйеде жұмыс күшінің тауарлы сипаты жоққа шығарылды. Рыноктық экономика кезінде жұмысшы күшін тауар ретінде бағалау қалыптасқан. Атап айтқанда, жұмысшы күші – тауар, оның құны, тұтыну құн, бағасы бар. Осы мәселені толығырақ қарайық. Рыноктық экономикада еңбек рыногының қалыптасуы мен қызмет етуі әр еңбек етушіге өз жұмыс күшін өз қалауынша және жалданатын жұмысшы мен жұмыс беруші арасында жасалған келісім-шартында рыноктық баға негізінде сату құқығын береді.

Еңбек рыногының негізгі құрамдас бөліктеріне мыналар кіреді: жұмысшы күшіне сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке. Алайда, экономикалық теория рыноктық жағдайда жұмыс күші құнын анықтау әдісі өзгергендігін көрсетеді. Тауар ретіндегі жұмыс күшін бағалауда келесі көрсеткіштер жүйесі ұсынылады:

- денсаулық жағдайы;
- ақыл-ес қабілеті;
- физикалық сипаттама (жасы, сырт пішіні, бойы т.б.);
- икемдігі, ұтқырлығы, бейімділігі;
- кәсіби бағытталуы, кәсіби қажеттілігі-кәсіби біліктілігі.

Рыноктық экономика адамның бастамашылдығын, кәсіпкерлігін ынталандырады. Осыған байланысты адамның физикалық мүмкіндіктері мен білімділігі сияқты сапа сипаттамаларының маңызы артады. Білім алуға жұмсалған қаражаттар да жұмыс күшінің құнына енгізіледі.

Жұмыс күші тауар ретінде сату және сатып алу процесінде басқа тауарлар сияқты құны мен тұтыну құны бойынша бағаланады. Бірақ, жұмыс күшінің құны тауардың басқа түрлеріне қарағанда оны өндіруге жұмсалған уақыттың қоғамдық қажетті шығындарымен анықталып, бағаланады. Басқаша айтқанда, жұмысшы мен оның отбасы мүшелерінің өмір сүруін қамтамасыз ету, қолдау және жұмысшының жұмыс қабілетін сақтауы үшін қажетті өмірлік заттар, құралдардың жиынтық құны жұмыс күші құнының өлшеуіші болады.

Жұмысшы күшінің тұтыну құны тауар құнын және қосымша құнды жасауына байланысты. К. Маркстің тұжырымдамасы бойынша капиталдың тұрақты және өзгермелі ($c+v$) болып бөлінуі де тауар құнын және қосымша құнның осы капиталдың қай бөлігі жасайтынына байланысты болып бөлінген.

Тауардың құнын және тұтыну құнын капиталдың екінші бөлігі (өзгермелі капитал) жұмыс күші жасайды, ал бірінші бөлігі (тұрақты капитал) өзінің құнын жаңа тауардың құнына жұмысшы күші арқылы көшіреді.

Еңбек өнімділігі ұғымымен тығыз байланысты жалақы проблемасы. Рыноктық экономика кезіндегі жалақыға мынадай анықтама берілуде: «Жалақы жұмысшы күшінің еңбек бағасы ретінде жұмысшылардың жұмсаған еңбектерінің саны мен сапасына қарай, олардың кәсіпорындағы түпкілікті нәтижесіне тигізген нақтылы еңбек үлесіне қарай бөлінген жұмыскерлердің өмірлік заттар қоры». Бұл анықтама еңбек өнімділік сферасында қызмет істейтін адамдарға арналған, өйткені жалақының жұмсалған жұмыс күшін орнына келтіру және ынталандыру қызметін айқындайды. Рыноктық экономика кезінде жалақы экономикалық қызмет атқаруы қажет. Халықтың тұрмыс дәрежесін сапа жағынан жаңа кезеңге көтеру тенденциясын тудыру үшін жұмысшылардың қосқан еңбек үлесі, еңбек нәтижесі мен материалдық сыйақысы бір-бірімен тығыз байланысты болуы қажет. Өтпелі кезеңде жалақаның жұмысшы күшін қалпына келтіру қызметінен гөрі, иландыру қызметі басым болуға тиісті. Жұмысшылардың ынталылығы өндірісті дамытуға, ұлттық табысты көбейтуге, жалпы ішкі өнімді көбейтуге, бюджеттің кіріс бөлігін өсіруге ынталылығы қажет.

Бұрынғы қолданылып жүрген дәстүрлі тарифтік жүйе, кепілдік, тарифтік ставкалар, қатан бекітілген жалақылар рынок экономикасы кезінде өзінің тиімділік қасиетін жоғалтты, тиімсіз жүйеге айналды. Рынок экономикасы кезіндегі жалақы, ақы төлемі кем дегенде үш жағдайға тәуелді:

1. Жұмысшының біліктілігі;
2. Жұмысшының нақты қосқан еңбек үлесі;
3. Кәсіпорының жұмыс нәтижесі: тауар өнімі, сатудан түскен ақшадай кіріс, табыс, пайда, рентабельдік дәрежесі.

Қазақстан Республикасындағы еңбек тұралы заңда: «Жалақы – еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс)» делінген.

Жалақының экономикалық мазмұны – бұл өндіріс процесінде жасалынған ақшадай көрінген құн өнімінің бір бөлігі, осы өнімді сатудан түскен ақшалай кіріс жұмысшыға жалақы түрінде төленді.

Жалақы теориясы үш экономикалық категорияның арақатынасынан және өзара бағыныштылығымен байланысты. Бұл категориялар:

1. «Қызықтылық».
2. «Себеп, дәлел, сылтау».
3. «Ынталылық».

Бұл үш категорияның мазмұнын анықтамай, еңбек ынталылығын ұйымдастыру туралы ғылыми дәлелденген үлгіні жасау, оны түсініп пайдалану мүмкін емес.

Себеп (мотив) және ынталылық (стимул) адамның әрекет жасауына, белгілі бір жұмысқа кірісуін біріктіреді, ынталандырады.

Ынталандыру – іс әрекетке итермелеу. Итермелеудің себебі – қызықтыру – материалдық, моральдық, жеке, ұжымдық, қоғамдық қызықтыру. Ынталандыру бұл қажеттілікті іске асырудың пішіні.

«Мотив» - себеп, дәлел, сылтау. Бұл да іске кірісуге итермелеу. Мұның да негізіне қызықтыру алынады. Сол сияқты қызмет бабымен жоғарылау. Жұмыс бойынша әкімдік шешім (бұйрық, рұқсат) болмаса тағы басқа жеке қарабасының шешімі (жеке басының міндеттемесі, жауапкершілігі, қорқыныштылығы, адамгершілігі). «Мотив» - түсінігін «ынталық» түсінігінен кең көлемде қараған жөн. Ынталылық мотив жүйесіне (құрылымына) кіреді, өйткені кез-келген мотив ынталылық бола алмайды.

Қызықтылықтың іс тәжірибе жүзіндегі формасы ынталылық, еңбектің төлем ақысы. Жалақы туралы айтқанда, методологиялық және практикалық көзқараста екі дәрежеде – кәсіпорын дәрежесін (ұжымдық дәрежеде) және жұмыскер дәрежесін бөліп қараған жөн.

Кәсіпорын дәрежесі (ұжым дәрежесі) – бұл еңбек ақы үшін жұмсалған қаржы механизм (ЕАҚ). Бұл ұжымдық қызғылықтың және ұжымдық ынталылықтың іс жүзіне асу пішіні.

Жеке адамның, яғни жеке жұмыскердің дәрежесі – бұл еңбек ақы қорының жалақы формасында олардың көрсеткіштеріне қарай жеке жұмыскерлердің арасындағы бөлінуі. Жалақы – бұл жеке адамдардың материалдық қызғылықтысын іс жүзіне асыру пішіні.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей 2008 жылы 2000 жылмен салыстырғанда орташа айлық жалақы республика бойынша 5 есеге, зейнетақының орташа мөлшері 3 есеге өскен екен, өмір сүру мерзімі 65 жастан

68 жасқа дейін өскен, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халақтың үлесі 4 есеге (50%-дан 12%-ға дейін) азайған екен.

Алдағы он жылдықтың ішінде орташа өмір сүру мерзімін 72 жасқа дейін ұзарту міндеті қойылған. Бұл міндеттерді іске асырудың негізгі шарты - өндіріс процесінде жұмыс істеушілерге қолайлы жағдай жасау.

Осы жағдайға байланысты жұмысшының жұмыс күні мен оның қажетті және қосымша уақытқа бөліну себептері деген заңды сұрақтар тууы мүмкін. Міне осыған қысқаша түсінік берейік.

Жұмыс күні дегеніміз бір тәуліктің ішінде жұмысшының кәсіпорында (фирма) қанша уақыт болатынын айтады.

Жалдамалы жұмысшының жұмыс күні екі бөлікке: қажетті және қосымша жұмыс уақыты болып бөлінеді.

Бірінші бөлігінде жұмысшы өзінің жұмсаған жұмыс күшін орнына қайта келтіретін бөлігін қажетті жұмыс уақыты деп, ал осы уақыттың ішінде жұмсалған еңбекті қажетті еңбек деп атайды.

Жұмысшы күші – бұл жұмысшының бойындағы рухани және қара күшінің жиынтығы, материалдық игіліктерді өндіру процесінде пайдалануы, бұл адамдардың еңбекке қабілеттілігі.

Еңбек – адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық рухани және басқа да құндылықтарды жасауға бағытталған адам қызметі, іс-әрекеті.

Жұмыс күшінің екінші бөлігінде, яғни қосымша уақыт ішінде жалдамалы жұмысшы жұмыс беруші кәсіп иесі үшін қосымша құн өндіреді. Бұл жұмыс күні бөлігін қосымша жұмыс уақыты деп, ал осы уақыттың ішінде жұмсалған еңбекті қосымша еңбек деп атайды.

Жұмыс күні әрқашанда қажетті жұмыс уақытынан көп (ұзақ) болады, өйткені ол міндетті түрде қосымша уақытты қамтиды.

Мәселен:

Варианттар	Жұмыс уақыты	Қажетті жұмыс уақыты	Қосымша жұмыс уақыты
I - вариант	9 сағат	6 сағат	3 сағат
II - вариант	10 сағат	6 сағат	4 сағат
III - вариант	12 сағат	6 сағат	6 сағат

Рыноктық экономикада жалақының жоғарғы деңгейі жоғарғы деңгейдегі еңбек өнімділігіне тікелей тәуелді. Жалақының мөлшері тағайындалады, немесе айлық ақы есебінде, немесе сағат есебінде белгіленген еңбек ставкасы түрінде немесе өндірілген өнімнің бір өлшеміне ақшадай төленеді.

Республикамыз бойынша орта есеппен жалақы 2007 жылы 52503 теңгенің маңайында, өмірлік қажетті заттардың мөлшері бір адамға шаққанда 1900 теңге, жалақының минималдық мөлшері 975 теңге. Ақшадай кірістің өмірге қажетті мүліктерге, заттарға шаққандағы қатынасы 81,3%.

Адамның физиологиялық және әлеуметтік мұқтаждарын қанағаттандыруға қажетті азық-түлік, өнеркәсіп тауарларының, коммуналды тұрғын үй, көлік, мәдени-ағарту, тұрмыстық, медицина, сауықтыру мен басқа ақылы төлемдер жиынтығы тұтыну корзинасында (тұтыну қоржында) көрініс табады.

Қоғам дамуының белгілі бір сатысында мүмкін болатын және әлеуметтік жағынан ең тиімділігі аз қажеттіліктер болады, бұл жерде әңгіме ең аз тұтыну корзинасы туралы болып отыр. Егер тауарлар мен қызметтер қоғам мүшелерінің жан-жақты қажеттіліктерін толық қамтамасыз ететін болса, онда олар тиімді тұтыну корзинасы деп аталады.

Еңбек өнімділігін кешенді арттырудың негізгі түпкілікті мақсаты алдымыздағы он жыл ішінде көкейтесті өткір әлеуметтік проблеманы шешу – атап айтқанда Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғауды нығайту, халықты жұмыспен қамтуын қамтамасыз ету, жұмыссыздық деңгейін 5%-ға, табыстары ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесін 8%-ға төмендету, өмір сүрудің күтілетін ұзақтылығы 72 жасқа дейін ұлғайту.

Тұтастай алғанда 2020 жылға қарай еңбек өнімділігін өңдеу өнеркәсібінде 2 есе, ауыл шаруашылығында кем дегенде 4 есе арттыру міндеті қойылып отыр. Бұл міндеттер индустриалдық даму, инновациялар агроөнеркәсіп экономикасын әп тараптандыру арқылы шешілмек.

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық ө жаңа экономикалық өрлеу ө Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Президентің Қазақстан халқына жолдауы: Вечерний Алматы 2010г, 30 январь.

2. Назарбаев Н.Ә. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсеке қабілеті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. Астана. Егемен Қазақстан. 2004 жыл, 19 наурыз
3. Есполов Т.И., Бельгибаев К.М., Сулейменов Ж.Ж. Экономикалық теория. Оқу құралы. Алматы. Қазақ ұлттық аграрлық университеті. 2009 жылы
4. Эволюция мирового капиталистического хозяйства и перспектива развивающихся стран. Институт мировой экономики и международных отношений. Москва, 1990
5. Брэффорд С. Новые индустриальные страны в мировой экономике: пути включения в мировую экономику в 90-х годах. Роттердам, 1994г.
6. Есполов Т.И., Бельгибаев К.М., Сулейменов Ж.Ж. Аграрная экономика. Алматы. Агроуниверситет, 2005г.
7. Есполов Т.И., Бельгибаев К.М., Сулейменов Ж.Ж. Экономикалық теория. КазНАУ. 2009г

* * *

В данной статье рассматриваются вопросы повышения производительности труда, что на современном этапе развития экономики является наиболее актуальным. В связи с этим, мы считаем необходимым применение новых технологий в сельском хозяйстве.

In given article questions of increase of labor productivity are considered that at the present stage of development of economy are the most actual. In this case we consider that necessary using new technologies in agriculture.

ӨОЖ. .626.874.

ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА АРАЛЫҚ ЕГІСТІКТІ ПАЙДАЛАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Юсупов Ш. Ермаханов Н. Шалатаева А. Дошманов Е.

ОҚМУ Шымкент, «Сырдария» университеті

Ауыспалы егістік мақта шаруашылығы аймақтарындағы егіншіліктің негізін құрайды. Оның нәтижесінде топырақтың құнарлылығын арттыру, топырақ микрофлорасының өркендеуіне жағдай жасау, суармалы аудандарда топырақ өнімділігі төмендеуінің алдын алу шараларын қолдану міндеті жатады. Бұл жолда аса маңызды мәселелердің бірі – суармалы аудандарда топырақ құнарлылығын, оның құрамындағы қарашірікті арттыру мен топырақ құнарлылығы баланысын (тепе-теңдігі) сақтау.

Көп жылдық ғылыми жұмыстар деректері мақтаның ауыспалы егістігі топырақтың климаттық жағдайына байланысты екенін анықтап берді. Ол топырақ құрамындағы органикалық заттардың мөлшеріне, топырақ микрофлорасы түрлеріне және биохимиялық процестер жүру деңгейіне байланысты анықталады.

Көп жылдық тәжірибелер қорытындысы ауыспалы егістікте егілген 3-жылдық жоңышқадан кейін сұр топырақтарда мақта егілсе 3-4 жылдан соң, мақта өнімділігінің төмендей бастайтындығын көрсетіп отыр. Сол үшін әр бір 3-4 жылда топырақ құнарлылығын арттыру шараларын талап етеді.

Кейінгі жылдары мақта өндірісінде мақта терілімі аяқталғаннан кейін күзгі жерді аудару жұмыстары аяқталмай қалады. Көктемгі жер аудару шараларының мақта өнімділігін төмендететіндігі анықталып отыр.

Сондықтан, біздің жағдайда, көктемгі жер айдау кезеңінде топырақ құнарлығын арттыруда аралық егістіктерден немесе сидераттан пайдалану ісі көптеген мемлекеттерде іс-тәжірибеде қолданып келеді. Сидераттар ретінде көбінесе бұршақ тұқымдастар және крест гүлділер туыстыларын пайдалану жақсы нәтиже береді.

Мақта шаруашылығында жүргізілген тәжірибе нәтижелеріне қарағанда, аралық егінді мал азығын жиып алғаннан кейін немесе сидератқа (жасыл тыңайтқыш) айдалғанда, топырақ құрамында құрамына қарашіріктің артуына әсерін тигізеді.

Бұл жағдай көбірек сидератқа айдалғанда байқалады. Сидераттан кейін екінші жылы топырақтың айдалатын және айдалмайтын қабатында қарашірік мөлшері артады. Үшінші жылы